

## Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының 2023-2025 жылдарға арналған бюджетін бекіту туралы

Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы мәслихатының 2022 жылғы 26 желтоқсандағы № 264 шешімі

**Ескерту. 01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі - осы шешімнің 12-тармағымен.**

Қазақстан Республикасы Бюджет Кодексінің 9-бабының 2-тармағына, 75-бабына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 6-бабына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының мәслихаты ШЕШТІ:

1. Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының 2023-2025 жылдарға арналған бюджеті тиісінше осы шешімге 1, 2, 3 және 4-қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2023 жылға мынадай көлемдерде бекітілсін:

1) кірістер – 8327204,4 мың теңге:

салықтық түсімдер - 2120370 мың теңге;

салықтық емес түсімдер - 27874 мың теңге;

негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер - 25823 мың теңге;

трансферттер түсімі – 6153137,4 мың теңге;

2) шығындар – 8613374,2 мың теңге;

3) таза бюджеттік кредиттеу – 45449,8 мың теңге:

бюджеттік кредиттер – 67275,8 мың теңге;

бюджеттік кредиттерді өтеу - 21826 мың теңге;

4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо - 0 мың теңге:

қаржы активтерін сатып алу - 0 мың теңге;

мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер - 0 мың теңге;

5) бюджет тапшылығы (профициті) - -331619,6 мың теңге;

б) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 331619,6 мың теңге:

қарыздар түсімі - 267275 мың теңге;

қарыздарды өтеу - 21826 мың теңге;

бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 86169,8 теңге.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы мәслихатының 04.05.2023 № 7 (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі); 14.07.2023 № 47 (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі); 15.09.2023 № 57 (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) ; 13.11.2023 № 75 (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.**

2. 2023 жылға арналған аудандық бюджеттің кірістері Қазақстан Республикасының Бюджет кодексiне сәйкес келесі салықтық түсімдер есебiнен қалыптастырылатыны белгiленсiн:

1) аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің аумағында мемлекеттік кіріс органдарында тіркеу есебіне қою кезінде мәлімделген орналасқан жеке тұлғалардың дербес салық салуға жататын кірістер бойынша жеке табыс салығын қоспағанда, облыстық мәслихат белгілеген кірістерді бөлу нормативтері бойынша жеке табыс салығы:

тұрған жері - жеке кәсіпкер, жекеше нотариус, жеке сот орындаушысы, адвокат, кәсіби медиатор үшін;

тұрғылықты жері-қалған жеке тұлғалар үшін;

1-1) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес бірыңғай жиынтық төлемді төлеген жеке тұлғалардан облыстық мәслихат белгілеген кірістерді бөлу нормативтері бойынша алынатын жеке табыс салығы;

1-2) бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органмен бірлесіп мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган бекітетін тізбе бойынша ірі кәсіпкерлік субъектілерінен түсетін түсімдерді және мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, келіп түскен салықтық аударымдардың кемінде елу пайызы мөлшерінде облыстық мәслихат белгілеген кірістерді бөлу нормативтері бойынша корпоративтік табыс салығы;

2) облыстық мәслихат белгілеген кірістерді бөлу нормативтері бойынша әлеуметтік салық;

3) аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің аумағындағы осы салықты салу объектілері бойынша жеке тұлғалардың мүлкіне салынатын салықты қоспағанда, жеке және заңды тұлғалардың, дара кәсіпкерлердің мүлкіне салынатын салық;

4) бензинге (авиациялықты қоспағанда) және дизель отынына арналған акциз;

5) аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің аумағындағы жер учаскелерін қоспағанда, жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлемақы;

6) жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алым;

7) жекелеген қызмет түрлерімен айналысуға арналған лицензияларды пайдаланғаны үшін төлемақылар;

8) коммерциялық ұйымдар болып табылатын заңды тұлғаларды, олардың филиалдары мен өкілдіктерін қоспағанда, заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркегені және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркегені, сондай-ақ оларды қайта тіркегені үшін алым;

9) көлік құралдарын мемлекеттік тіркегені, сондай-ақ оларды қайта тіркегені үшін алым;

10) консулдық алымнан және республикалық бюджетке есептелетін мемлекеттік баждардан басқа, мемлекеттік баждар.

3. 2023 жылға арналған аудандық бюджеттің кірістері келесі салықтық емес түсімдер есебінен қалыптасатыны белгіленсін:

аудан әкімдігінің шешімі бойынша құрылған коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың таза кірісі бөлігінің түсімдері;

аудандық маңызы бар қала, ауыл, ауылдық округ әкімдерінің басқаруындағы ауданның коммуналдық меншік мүлкін жалға беруден түсетін кірістерді қоспағанда, ауданның коммуналдық меншік мүлкін жалға беруден түсетін кірістер;

аудандық бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар;

аудандық бюджетке түсетін салықтық емес басқа да түсімдер.

4. Аудандық бюджеттің кірістері негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер есебінен қалыптасатыны белгіленсін.

5. 2023 жылға арналған облыстық бюджеттен аудандық бюджетке берілетін бюджеттік субвенциялар 774277 мың теңге сомасында белгіленсін.

6. 2023 жылға арналған аудандық бюджетте аудандық бюджеттен ауылдық округтердің бюджеттеріне берілетін субвенциялар көлемі 244263 мың теңге сомасында көзделсін, оның ішінде:

Абай ауылдық округіне - 13841 мың теңге;

Алабота ауылдық округіне - 10445 мың теңге;

Амандық ауылдық округіне - 12390 мың теңге;

Большеизюм ауылдық округіне - 12070 мың теңге;

Донецк ауылдық округіне - 14011 мың теңге;

Драгомиров ауылдық округіне - 13510 мың теңге;

Зеленогай ауылдық округіне - 13052 мың теңге;

Келлер ауылдық округіне - 15300 мың теңге;

Киров ауылдық округіне - 14556 мың теңге;

Краснополян ауылдық округіне - 11426 мың теңге;

Летовочный ауылдық округіне - 17821 мың теңге;

Мирновка ауылдық округіне - 16028 мың теңге;

Роцин ауылдық округіне - 8243 мың теңге;

Теңдік ауылдық округіне - 9817 мың теңге;

Тихоокеанск ауылдық округіне - 9279 мың теңге;

Чермошнян ауылдық округіне - 17780 мың теңге;

Чкалов ауылдық округіне - 17653 мың теңге;

Яснополян ауылдық округіне - 17041 мың теңге.

6-1. Осы шешімге 4-қосымшаға сәйкес 2023 жылғы 1 қаңтарға қалыптасқан бюджет қаражатының бос қалдықтары және 2022 жылы республикалық және облыстық

бюджеттерден пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) нысаналы трансферттерді қайтару есебінен 2023 жылға арналған аудандық бюджет шығыстары көзделсін.

**Ескерту. Шешім 6-1-тармақпен толықтырылды - Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы мәслихатының 04.05.2023 № 7 (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.**

7. 2023 жылға арналған аудандық бюджет шығыстарында Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан нысаналы трансферттер түсімдері көзделсін. Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан көрсетілген нысаналы трансферттерді бөлу "Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының 2023-2025 жылдарға арналған бюджетін бекіту туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің "Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы мәслихатының шешімін іске асыру туралы" қаулысымен айқындалады.

8. 2023 жылға арналған аудандық бюджет шығыстарында облыстық бюджеттен нысаналы трансферттер түсімдері көзделсін. Облыстық бюджеттен көрсетілген нысаналы трансферттерді бөлу "Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының 2023-2025 жылдарға арналған бюджетін бекіту туралы" Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің "Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы мәслихатының шешімін іске асыру туралы" қаулысымен айқындалады.

9. 2023 жылға арналған аудандық бюджет шығыстарында аудандық бюджеттен ауылдық округтер мен Тайынша қаласының бюджеттеріне нысаналы трансферттер түсімдері көзделсін. Көрсетілген нысаналы трансферттерді аудандық бюджеттен бөлу Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы әкімдігінің "Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының 2023-2025 жылдарға арналған бюджетін бекіту туралы" "Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы мәслихатының шешімін іске асыру туралы" қаулысымен айқындалады.

10. Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының жергілікті атқарушы органының 2023 жылға арналған резерві 49143 мың теңге сомасында бекітілсін.

11. 2023 жылға арналған аудандық бюджетте Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының ауылдық елді мекендеріне жұмыс істеу және тұру үшін келген ауылдық округтер әкімдері аппараттарының мемлекеттік қызметшілеріне денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыруға республикалық бюджеттен бюджеттік кредиттер көзделсін.

12. Осы шешім 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы  
мәслихатының хатшысы*

*С. Бекшенов*

Солтүстік Қазақстан облысы  
Тайынша ауданы мәслихатының  
2022 жылғы 26 желтоқсандағы  
№ 264 шешіміне

## 2023 жылға арналған Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының бюджеті

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы мәслихатының 04.05.2023 № 7 (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі); 14.07.2023 № 47 (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі); 15.09.2023 № 57 (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) ; 13.11.2023 № 75 (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

Санаты		Атауы	Сомасы, мың теңге	
	Сыныбы			
		Кіші сыныбы		
			1) Кірістер	8327204,4
1			Салықтық түсімдер	2120370
	01		Табыс салығы	380515
		1	Корпоративтік табыс салығы	369015
		2	Жеке табыс салығы	11500
	03		Әлеуметтік салық	1179154
		1	Әлеуметтік салық	1179154
	04		Меншікке салынатын салықтар	274969
		1	Мүлікке салынатын салықтар	274969
	05		Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	255711
		2	Акциздер	8233
		3	Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	221106
		4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	26372
	08		Заңдық маңызы бар әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар	30021

			құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер	
		1	Мемлекеттік баж	30021
2			Салықтық емес түсімдер	27874
	01		Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	12903
		5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	12677
		7	Мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар	58
		9	Мемлекет меншігінен түсетін басқа да кірістер	168
	03		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін ақша түсімдері	168
		1	Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін ақша түсімдері	168
	04		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан)	512

			ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	
		1	Мұнай секторы ұйымдарынан және Жәбірленушілерге өтемақы қорына түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	512
	06		Басқа да салықтық емес түсімдер	14291
		1	Басқа да салықтық емес түсімдер	14291
3			Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	25823
	01		Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	25823
		1	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	25823
4			Трансферттердің түсімдері	6153137,4

	01		Төмен тұрған мемлекеттік басқару органдарынан трансферттер	235,1
		3	Аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтардың бюджеттерінен трансферттер	235,1
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	6152902,3
		2	Облыстық бюджеттен түсетін трансферттер	6152902,3
Функционалдық топ				
	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі		Атауы	Сомасы, мың теңге
		Бағдарлама		
			2) Шығындар	8613374,2
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	1635568,6
	112		Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының аппараты	43943
		001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	43943
	122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	298570,3
		001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	244402



		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	33924,3
		113	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	20244
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	326745,3
		001	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономикалық саясатын қалыптастыру мен дамыту, мемлекеттік жоспарлау, бюджеттік атқару және коммуналдық меншігін басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	92752
		003	Салық салу мақсатында мүлікті бағалауды жүргізу	2135
		010	Жекешелендіру, коммуналдық меншікті басқару, жекешелендіруден кейінгі қызмет және осыған байланысты дауларды реттеу	1899
		015	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	1200
		113	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	228759,3
			Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, құрылыс, тұрғын	

	495		үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	966310
		001	Жергілікті деңгейде сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	61915
		003	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	10500
		113	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	893895
02			Қорғаныс	36854
	122		Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	36854
		005	Жалпыға бірдей әскери міндетті атқару шеңберіндегі іс-шаралар	16429
		006	Аудан (облыстық маңызы бар қала) ауқымындағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою	3523
		007	Аудандық (қалалық) ауқымдағы дала өрттерінің, сондай-ақ мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдары құрылмаған елді мекендерде өрттердің алдын алу және оларды сөндіру жөніндегі іс-шаралар	16902

03			Қоғамдық тәртіп, қауіпсіздік, құқықтық, сот, қылмыстық-атқару қызметі	4710
	495		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	4710
		019	Елді мекендерде жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету	4710
06			Әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамсыздандыру	757690,9
	451		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі	757690,9
		001	Жергілікті деңгейде халық үшін әлеуметтік бағдарламаларды жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуді іске асыру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	57100
		002	Жұмыспен қамту бағдарламасы	102955,2
		004	Ауылдық жерлерде тұратын денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамтамасыз ету, мәдениет, спорт және ветеринар мамандарына отын сатып алуға Қазақстан	9100

			Республикасының заңнамасына сәйкес әлеуметтік көмек көрсету	
		005	Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек	32329
		006	Тұрғын үйге көмек көрсету	812
		007	Жергілікті өкілетті органдардың шешімі бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген топтарына әлеуметтік көмек	95127
		010	Үйден тәрбиеленіп оқытылатын мүгедектігі бар балаларды материалдық қамтамасыз ету	2484
		011	Жәрдемақыларды және басқа да әлеуметтік төлемдерді есептеу, төлеу мен жеткізу бойынша қызметтерге ақы төлеу	1329
		014	Мұқтаж азаматтарға үйде әлеуметтік көмек көрсету	230410
		017	Оңалтудың жеке бағдарламасына сәйкес мұқтаж мүгедектігі бар адамдарды протездік-ортопедиялық көмек, сурдотехникалық құралдар, тифлотехникалық құралдар, санаторий-курорттық емделу, міндетті гигиеналық құралдармен қамтамасыз ету, арнаулы жүріп-тұру құралдары, жеке көмекшінің және	150525,3

			есту бойынша мүгедектігі бар адамдарға қолмен көрсететін тіл маманының қызметтері мен қамтамасыз ету	
		021	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	5376
		023	Жұмыспен қамту орталықтарының қызметін қамтамасыз ету	43334,5
		054	Үкіметтік емес ұйымдарда мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты орналастыру	500
		061	Жұмыс күшінің ұтқырлығын арттыру үшін адамдардың ерікті түрде қоныс аударуына жәрдемдесу	26308,9
07			Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық	1635353,9
	495		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	1635353,9
		007	Коммуналдық тұрғын үй қорының тұрғын үйін жобалау және (немесе) салу, реконструкциялау	200000
		008	Мемлекеттік тұрғын үй қорын сақтауды ұйымдастыру	25300
		013	Коммуналдық шаруашылықты дамыту	14000

		016	Сумен жабдықтау және су бұру жүйесінің жұмыс істеуі	42030,6
		025	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	163000
		026	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) коммуналдық меншігіндегі жылу желілерін пайдалануды ұйымдастыру	50000
		028	Жерлеу орындарын ұстау және туыстары жоқ адамдарды жерлеу	484
		031	Елді мекендердің санитариясын камтамасыз ету	13000
		058	Ауылдық елді мекендердегі сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін дамыту	1127539,3
08			Мәдениет, спорт, туризм және ақпараттық кеңістік	460461,3
	456		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ішкі саясат бөлімі	58586
		001	Мәдени-демалыс жұмысын қолдау Жергілікті деңгейде ақпарат, мемлекеттілікті нығайту және азаматтардың әлеуметтік сенімділігін қалыптастыру саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	25650
			Мемлекеттік ақпараттық саясат	

		002	жүргізу жөніндегі қызметтер	21424
		003	Жастар саясаты саласында іс-шараларды іске асыру	10512
		006	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	1000
	457		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімі	308010,4
		001	Жергілікті деңгейде мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт саласында мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	36685
		003	Мәдени-демалыс жұмысын қолдау	60114,7
		006	Аудандық (қалалық) кітапханалардың жұмыс істеуі	175097
		007	Мемлекеттік тілді және Қазақстан халқының басқа да тілдерін дамыту	1215
		009	Аудандық (облыстық маңызы бар қалалық) деңгейде спорттық жарыстар өткізу	8238,4
		010	Әртүрлі спорт түрлері бойынша аудан (облыстық маңызы бар қала) құрама командаларының мүшелерін дайындау және олардың облыстық спорт жарыстарына қатысуы	14452

		032	Ведомстволық бағыныстағы мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың күрделі шығыстары	4325,3
		113	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	7883
	495		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	93864,9
		021	Спорт объектілерін дамыту	93864,9
10			Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	141932,5
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	24923,5
		099	Мамандарға әлеуметтік қолдау көрсету жөніндегі шараларды іске асыру	24923,5
	462		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) ауыл шаруашылығы бөлімі	75063
		001	Жергілікті деңгейде ауыл шаруашылығы саласындағы мемлекеттік	51083



			саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	
		006	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	500
		113	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	23480
	463		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жер қатынастары бөлімі	41946
		001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) аумағында жер қатынастарын реттеу саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	40930
		113	Төменгі тұрған бюджеттерге берілетін нысаналы ағымдағы трансферттер	1016
11			Өнеркәсіп, сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі	89374
	495		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	89374
		005	Аудан аумағының қала құрылысын дамытудың кешенді схемаларын және елді мекендердің бас жоспарларын әзірлеу	89374
12			Көлік және коммуникация	3095062

	495		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	3095062
		023	Автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	60407
		034	К ө л і к инфрақұрылымының басым жобаларын іске асыру	3014646
		039	Әлеуметтік маңызы бар қалалық (ауылдық), қала маңындағы және ауданішілік қатынастар бойынша жолаушылар тасымалдарын субсидиялау	20009
13			Бларасқа	389903,2
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	13538,5
		012	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының резерві	13538,5
	469		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) кәсіпкерлік бөлімі	27709
		001	Жергілікті деңгейде кәсіпкерлікті дамыту саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	27309

		004	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	400
	495		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) сәулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі	348655,7
		079	"Ауыл-Ел бесігі" жобасы шеңберінде ауылдық елді мекендердегі әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымдарды дамыту	348655,7
15			Трансферттер	366405,3
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	366405,3
		006	Пайдаланылмаған (толық пайдаланылмаған) нысаналы трансферттерді қайтару	444,5
		024	Заңнаманы өзгертуге байланысты жоғары тұрған бюджеттің шығындарын өтеуге төменгі тұрған бюджеттен ағымдағы нысаналы трансферттер	100255,4
		038	Субвенциялар	244263
		054	Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан берілетін нысаналы трансферт есебінен республикалық бюджеттен бөлінген пайдаланылмаған (түгел пайдаланылмаған)	21442,4

			нысаналы трансферттердің сомасын қайтару	
			3) Таза бюджеттік кредиттеу	45449,8
			Бюджеттік кредиттер	67275,8
10			Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, қоршаған ортаны және жануарлар дүниесін қорғау, жер қатынастары	67275,8
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланын) экономика және қаржы бөлімі	67275,8
		018	Мамандарды әлеуметтік қолдау шараларын іске асыру үшін бюджеттік кредиттер	67275,8
Санаты			Атауы	Сомасы, мың теңге
	Сыныбы			
		Кіші сыныбы		
5			Бюджеттік кредиттерді өтеу	21826
	01		Бюджеттік кредиттерді өтеу	21826
		1	Мемлекеттік бюджеттен берілген бюджеттік кредиттерді өтеу	21826
Функционалдық топ			Атауы	Сомасы, мың теңге
	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі			
		Бағдарлама		
			4) Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо	0
Санаты			Атауы	Сомасы, мың теңге
	Сыныбы			
		Кіші сыныбы		

6			Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0
	01		Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0
		1	Қаржы активтерін ел ішінде сатудан түсетін түсімдер	0
			5) Бюджет тапшылығы (профициті)	( -331619,6
			6) Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	( 331619,6
7			Қарыздар түсімдері	267275
	01		Мемлекеттік ішкі қарыздар	267275
		2	Қарыз алу келісім-шарттары	267275
Функционалдық топ				
	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі		Атауы	Сомасы, мың теңге
		Бағдарлама		
14			Борышқа қызмет көрсету	58,5
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	58,5
		021	Жергілікті атқарушы органдардың облыстық бюджеттен қарыздар бойынша сыйақылар мен өзге де төлемдерді төлеу бойынша борышына қызмет көрсету	58,5
16			Қарыздарды өтеу	21826
	459		Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	21826

		005	Жергілікті атқарушы органның жоғары тұрған бюджет алдындағы борышын өтеу	21826
Санаты			Атауы	Сомасы, мың теңге
	Сыныбы			
		Кіші сыныбы		
8			Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	86169,8
	01		Бюджет қаражаты қалдықтары	86169,8
		1	Бюджет қаражатының бос қалдықтары	86169,8

Солтүстік Қазақстан облысы  
Тайынша ауданы мәслихатының  
2022 жылғы 26 желтоқсандағы  
№ 264 шешіміне  
2-қосымша

## 2024 жылға арналған Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданының бюджеті

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы Тайынша ауданы мәслихатының 13.11.2023 № 75 (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Санаты			Атауы	Сомасы, мың теңге
	Сыныбы			
		Кіші сыныбы		
			1) Кірістер	2920929
1			Салықтық түсімдер	2473836
	01		Табыс салығы	367120
		1	Корпоративтік табыс салығы	363462
		2	Жеке табыс салығы	3658
	03		Әлеуметтік салық	1459413
		1	Әлеуметтік салық	1459413
	04		Меншікке салынатын салықтар	271668
		1	Мүлікке салынатын салықтар	271668
			Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге	

	05		салынатын ішкі салықтар	320084
		2	Акциздер	8603
		3	Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	282406
		4	Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	29075
	08		Заңдық маңызы бар әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер	55551
		1	Мемлекеттік баж	55551
2			Салықтық емес түсімдер	21615
	01		Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	13004
		5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	10743
		7	Мемлекеттік бюджеттен берілген кредиттер бойынша сыйақылар	54
		9	Мемлекет меншігінен түсетін басқа да кірістер	2207
	03		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін ақша түсімдері	411

		1	Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер ұйымдастыратын мемлекеттік сатып алуды өткізуден түсетін ақша түсімдері	411
	04		Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	3121
		1	Мұнай секторы ұйымдарынан және Жәбірленушілерге өтемақы қорына түсетін түсімдерді қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің бюджетінен (шығыстар сметасынан) ұсталатын және қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар	3121



	06		Басқа да салықтық емес түсімдер	5079
		1	Басқа да салықтық емес түсімдер	5079
3			Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	26985
	01		Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	26985
		1	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	26985
4			Трансферттердің түсімдері	398493
	01		Төмен тұрған мемлекеттік басқару органдарынан трансферттер	42782
		3	Аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтардың бюджеттерінен трансферттер	42782
	02		Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	355711
		2	Облыстық бюджеттен түсетін трансферттер	355711
Функционалдық топ				
	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі		Атауы	Сомасы, мың теңге
		Бағдарлама		
			2) Шығындар	2920929
01			Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер	960705
			Аудан (облыстық маңызы бар қала)	

112			мәслихатының аппараты	44763
		001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	44763
122			Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің аппараты	254608
		001	Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	254608
459			Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономика және қаржы бөлімі	606228
		001	Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) экономикалық саясатын қалыптастыру мен дамыту, мемлекеттік жоспарлау, бюджеттік атқару және коммуналдық меншігін басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру жөніндегі қызметтер	82396
